ДИРЕКТОР ЖАНЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

Мектеп: Қадыр Мырза Әлі атындағы №88 мектеп-лицей ШЖҚ МКК
Күні: 19 қыркүйек 2026 жыл
Төраға: Нартаева А. К.
Хатшы: Исмаилова А.Ж.
Қатысқандар: мектеп мұғалімдері

КҮН ТӘРТІБІ:

Мектеп асханасындағы тамақтану сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері және бракераж комиссиясының жұмысы туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бракераж комиссиясының мүшесі Сәрсенбаева З.С. мектеп асханасындағы тамақтану сапасына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы баяндады.

2026 жылғы 2 және 11 қыркүйектегі тамақтану сапасына мониторинг жүргізу актісі бойынша асханада дайындалатын тағамдардың сапасы, дайындау технологиясы, порция мөлшері, ас мәзіріне сәйкестігі және санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы тексерілгені хабарланды.

Сонымен қатар азық-түлік өнімдерін сақтау жағдайлары, жарамдылық мерзімдері, тоңазытқыш жабдықтарының жай-күйі, асхана ыдыстары мен құралдарының тазалығы, қызметкерлердің жеке гигиенасы және тиісті құжаттардың жүргізілуі қарастырылған.

Актінің қорытындысына сәйкес елеулі бұзушылықтар анықталмаған. Тамақтандыру сапасы қанағаттанарлық деп бағаланған.

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. 2026 жылғы 2 және 11 қыркүйектегі тамақтану сапасына мониторинг жүргізу актісінің нәтижелері туралы ақпарат назарға алынсын.
2. Бракераж комиссиясы бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес тамақтану сапасына мониторинг жүргізуді жалғастырсын.
   Жауапты: комиссия төрағасы және мүшелері.
   Мерзімі: жұмыс жоспарына сәйкес.
3. Асханада тағам дайындау технологиясының, порция мөлшерінің, ас мәзірінің және санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын бақылау жалғастырылсын.
   Жауапты: Әлімқұл А.Т.
   Мерзімі: тұрақты.
4. Бракераж комиссиясының актілерін мектептің ресми сайтындағы тиісті бөлімге орналастыру Н. У. Усентаевқа жүктелсін.
   Мерзімі: 30.09.2026.
5. Осы шешімдердің орындалуын бақылау Б.А. Дүренге жүктелсін.

Төраға: Нартаева А.К. /_____/

Хатшы: Исмаилова А.Ж. /_____/